

## 1960-80 ж.ж. МАҢҒЫСТАУ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТОҒЫШАРЛЫҚ

Әбдірайым К.Б.

*Одна из основных тем поэзии – это борьба с мещанством. Темнота и невежество, богатство – не дают счастья человеку. В житейском и научном словоупотреблении невежество суть незнание чего-либо. Все беды, болезни, войны, революции, катастрофы, во все эпохи и века, все они происходили от человеческого Невежества.*

*Поэты понимали, что самое главное – не только изменить общество, но и изменить человека и его представления о морали и нравственности. Поэт не должен оставаться в стороне от реальной жизни и просто наблюдать за ней со стороны. Эта мысль присутствует во всех стихотворениях.*

*One of the main theme of poetry are a struggle against narrow-mindedness. Darkness and ignorance, riches – do not give happiness to person. Everyday and scientific word usage ignorance essence ignorance something. All troubles, illnesses, wars, revolutions, accidents, in all epoch and centuries, all of them occurred from human Ignorance.*

*Poets have understood, that the most important – not only to change in society, but also to change person and its representations about morals. The poet must not stay aside of a real life and simply observe for it from sides. This idea is present at all poems.*

«Ақын өлді әр адамның ішінде» демекші, ақын мәңгілік өмірге кетті. Бірақ артында мол мұрасы – жырлары қалды. «Шынында да, көңіліңе әбден ұялап, көкірегіңе басылған қастерлі сезімнің қандайын да, тағдыр табындырған аяулы азаматтардың қай-қайсысын да жүрегіңнен де, өмір, өнер тарихынан да сызып тастау мүмкін емес-ау, мүмкін емес.» [1]

Өнер тарихынан сызып тастауға болмайтын Маңғыстау ақындары жырларының бірі – адамның қасиетіне, мінез-құлқына арналған.

У.Қайралапов бұл мәселеге «Кертолғау» атты 344 жолдан тұратын топтамасын арнайды. Осыған орай топтамаға эпиграф етіп алынған Абайдың мына бір шумақ өлеңін ақынның жайдан-жай келтірмегені сөзсіз.

Қызық келсе, қызықпа, мақтанға ерме,

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлақ берме.

Жүрегіңе сүңгі де, түбін ойла

Сонан шыққан шын асыл – тастай көрме.

Уәйіс ақын 15 бөлімнен тұратын кертолғауында қандай мәселені қозғайтынын бірден аңғартады. Абай сөзіне мән бере қарап, толғаудың көлемі мен көтерер жүгінің ауырлығын шамалап сезінген болуы керек.

Мұнда адамның жалқаулығы мен еңбекқорлығы, адалдығы мен арамдығы, тоғышарлық, наданық қасиеттері бейнеледі.

Істес болмай білінбес,

Іштегі адам аласы, – [2]

деп У.Қайралапов мақалдатса, оның сөзін әрі жалғаған Ә.Жаманбаев былайша толғайды:

«Адамның болса ішінде,

Сыртында малдың аласы.»

Дардай болып сыртынан  
Көрінгенмен қарасы,  
Көп жігіттің бұл күнде  
Белгілі болды шамасы. [3]

Ақындардың өлеңіндегі негізгі ой, басты үндеу – жақсылыққа, ақыл мен өнерге шақыру. Олар еңбек пен адамгершілікті басшылық еткен, өзгелерден де осыны күткен.

Қорлыққа түссе жақсылар  
Жаманның қанар табасы.  
Жай уақытта ор қазып,  
Келмей жүрген шамасы. [2]

Күштінің әлсізді жем қылуы, өз мүддесіне пайдалануы, өз ықпалында ұстауы ақынды толғандырады. Уәйіс Қайралапов қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның ертеңінің жарқын болатынына сенеді. Оның сол жарқын болашаққа тезірек жетуі үшін жанын да, қанын да аямайды. Ұлттың өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен іздейді.

Орын табар өмірден  
Жан жемісін пісірген. [2]

Мұндағы «жан жемісі» – рухани азық, білім, ғылым. Өз жүрегінің қалауымен, жан-дүниесінің тілегімен ғұмыр кешкен, өзгелерге сүйенбей, тек қана өз күшімен өмір сүрген адам ғана бақытты дейді ақын.

«Құпия тұтқан ісінді тісіңнен шығарма»,– деп, өз өсиетінде сыйласыңа өтірік айтпа, дұшпаныңа сырыңды шашпа деп сақтандырады. Бұл жөнінде халық "жаманға сырыңды айтпа, сырыңды айтсаң да, шыныңды айтпа"– деген. Жақыным деп жаманды сағалама, жақсының жағасынан алма. Өйткені жамандықта тек жоқ, жауыздықта шек жоқ. Осы пікірін

Көп жасауда не мақсат  
Уланса өмір зәріне,– [2]

деп қорытады. Уәйіс Қайралапов - тек бір ұлттың ішкі әлеуметтік проблемаларымен шектелмеген ойшыл. Ақын ойы қазақтың кең даласынан жоғары көтеріліп, бүкіл әлемді шарлап кетеді.

Ақын осылайша қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді. Ол – өз пайдасын емес, арын ойлаған жан.

Ақын да – адам. Оның да жиған-тергені, мінезі, құлқы, күнделікті тіршілігі бар. Сол тіршілікте ол жаманмен алысып өтеді.

Араласа келмекші  
Жақсылық пенен жамандық...  
Тойымы жоқ адам көп  
Таңдап алған сараңдық.  
Біреулердің жайлаған  
Тұла бойын – арамдық. [2]

Жаманның жамандығын айту – оның тамырына балта шабумен, арам шөпті жұлудың бірдей. Ол арам шөпті қалай жұлуды керек? Ең бірінші, жас ұрпақты сақтандыру керек.

Ойланып алмай іс етпе,

Сәулең болса, сананда. [2]

У.Қайралаповтың «Кертөлғауында» айтылған ой төрттағандарында жалғасын табады. Оның ақындық бағдарын тиянақтай түсер әдемі бір толғаныстар шеруін төрттағандар мен рубаятттардан табамыз.

Ақынды ойландыратын түрлі-түсті құбылыстар, қас-қағым сәттер, көңіл-күй, қадір-қасиеттер, мінез, пейіл көрінісі, адамгершілік пен сұрқиялық сұмдық, ерлік пен ездік – оқушының көзін ашар, ойға шақырар, айбар сұсы, сақтандырар құндылық деректер.

«Ендеше, қалың бұқараның тірегі – әдебиет, өнер, тіл жалпы алғанда – мәдениет. Мәдениет ұғымының аясы одан да кең. Тегінде әлем, жалпақ дүние "Сөзден" басталса, сол әуендер тіркесі бітпесін деп тілейік. Өйткені сөзден жаңылуға болады, сөзден айрылуға болмайды»,– дейді Б.Майтанов.[4] Өйткені сөзден айырылған халық бәрінен айырылады. Сөзден айырылған ұлт ақын ұлдарынан ажырайды.

«Ақын сондай-ақ, жақсы мен жаман арасын айыратын кісілікті жырларды да көп жазған. Жақсы адамның кісілікті істерін, жаман кісінің кесір мінездерін әшкерелейтін өлеңдері де бір төбе. Уәйістің ақындық талантын ашатын тағы бір қыры – оның төрттаған (рубаят) жыр шумақтары»,– дейді Ж.Нәренбайұлы. [3]

Ол – рубаяттарында жақсылықты, ізгілік пен адамгершілікті паш етіп, қоғамды кері тартатын жамандық пен сараңдықты, надандық пен тоғышарлықты әшкерелейді. Қателік жібермейтін адам жоқ, әйтсе де, «әділдіктен арсыз ғана аттайды» деген идеяны ұстанады.

Қажеті жоқ алыс жерден іздеудің

Достарың мен дұшпаның өз бойыңда. [3]

Бір тойғанына мәз болған қара халықты еңбекке шақырады. Ас беретін ауыл іздеп босқа сабылғанша, бойыңда қаруы барда қайрат қылуға, кәсіп етуге шақырады. Онда да, қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен, еңбексіз табылған малдан қайыр болмайтынын, қардың суы сықылды тез суалатынын ескертеді. Адал еңбек етуге үндейді.

Азын емес, еңбекпен көбін ал да,

Біреудің тігілгенін сөгіп алма. [3]

«Есектің артын жуып» мал тапқансып, өз артын былғаушы алаяқтарды, парақорларды мінейді. Абай айтқандай, «ерінбей еңбек етіп, қарынын тойдыруды» қалайды. Ауыл-елді аралап, біреудің бір кесе қатығына көзін сатқандарды жылпос, кезбе деп айыптайды.

Ұялмайтын кезбенің тамағы тоқ,

Жылпостар жымысқылап алады көп.

Ақымақтың ауылы қашық емес,

Ақылдының өсектен аманы жоқ. [3]

«...Кұдай-Тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады. Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады. Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.» [5] Бұл – ұлы Абайдың 33-ші қара сөзі.

Міне, қолынан өнер келетінінің өзі еріншектік пен надандыққа құл болған. Абай заманында да осылай еді, У.Қайралапов өмір сүрген күні кешегі 60-80 жылдары да солай болған.

Ең бастысы, қолға алған істерінен нәтиже шығару үшін бірін-бірі дос санауы керектігін, олай балмаған күнде бәрінің бос нәрсе екенін пайымдатады.

Адамның күдіреті – достығында,  
Дос болу туыстыққа қарамайды. [3]

Абай бейнелеген «сөзі жылман, бойы бұлғаң» тоғышарлар бүгінде де бар. Ондалар қай уақытта да болған. «Білгенсіп» жүргеніне қарамастан олардың «Бейлі шикі, ақылы күйкі».

Адамның жағымсыз, жарамсыз қылықтарын айтқанда, ақын ашынады. Оған төзе алмайтынын білдіреді. Өткір айтып, оны дер кезінде түзету керектігін батыл жырлайды. «Қанағат – қарын тойғызар» демекші, қанағат, ынсап туралы да төрттағандары былайша өріледі:

Ашыққанның дауасы – бір аяқ ас,  
Қанағат бөгет емес құныққанға. [3]

Ақын өмір сүрген кезде де дүниеқоңыздар болған. Солардың ісіне шыдамаған ақын осылай дейді. Тоғышар адамдар айналасында болып жатқан құбылыстың бәрін өзінің бас пайдасына пайдаланып қалуға тырысады. Өзі ешқандай моральдық немесе материалдық үлес қоспастан өз басының қамын күйттеп алуды көздейді.

Мұндай төрттағандар У.Қайралаповта жеткілікті. «Қай жерде де, қандай жағдайда да қаламы қолынан түспеген ақын өмірден көргенін ойға түйгенін төрт жолға сыйғызып, өлең етіп қалдырыпты. Түрлі тақырыптың басын құрайтын бұндай төрттағандардың саны төрт жүзден асады», – дейді Ж.Нәренбайұлы. [6]

Адамның артықшылығын айтқан ақын, оның жаман қылығын көргісі келмейді. Әйтсе де, оны айтпай, сынамай тұра алмайды. Ел билеген басшылардың қарауындағыларға мейірімді, ең бастысы әділетті болу керектігін айтады.

Уәйіс ақын қарапайым сөйлеп отырып-ақ шындыққа қол созады. Бейнелі тіркес, образды сөз қоспай-ақ поэзия тудырады. Халқы үшін жаны ауырады, шындық үшін күйінеді. Басшысы азған елдің бірге азатыны етенеден белгілі жайт емес пе?

Басшысы ақылсыз ел баяғыдан,  
Өмірдің құтылмаған таяғынан. [3]

Ақын осыны көре біледі. Лауазым мен атақтың, биік шен мен шекпеннің ынтымақ пен бірлік жанында түкке тұрмайтынын айтады. Абай ақын мінеген шен мен шекпенге У.Қайралапов та өз кезегінде соқпай кеткен жоқ. Бұл – тоғышарлық, қарау пейілдермен жағаласып отырып, жалпы ізгілікті, ақындықты, ар-намысты қорғау жыры.

Ұлт тағдыры, ұлыс бірлігі туралы өлең шығарған ақын халық проблемасына өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда қууы, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыру – адамзатты апатқа соқтыратын жол екенін сезінеді. «Таспен атқанның өзін аспен атып», мейірімділік танытатын гуманист «өзімшілдік» дертіне шалдыға

бастағанына жүрегі ауырады. Оны тек мейіріммен, рухани азықпен ғана жеңу керек дейді.

Ақын адам болмысына жақсылық жасауға деген ұмтылыс пен жамандықтан бойын аулақ салу тән деп есептейді. Ал, мақтанқұмарлық, У.Қайраларовтың пікірінше, ең нашар қасиет.

Бөскенде шексіз дархан даладаймыз,  
Олқымызды есепке санамаймыз.  
Өзімшілдік билесе бойымызды,  
Ақыл-есі кірмеген баладаймыз. [3]

А.П.Чехов М.Горькийге жазған хатында «Алексей Максимович, өзіңіз білесіз, менің негізгі мамандығым дәрігер ғой. Мұны айтып отырғаным дәрігерлік тәжірибемнен түйген бірер ойым бар. Айталық, адамды кез-келген аурудан ретін тауып аман алып қалуға болады дер едім. Сіз білесіз бе, тек бір ғана «аурудан» сауықтыру қиын. Ол – тоғышарлық. Сондықтан да сіздің тоғышарларға қарсы жазылған пьесаңыз да, басқа дүниелеріңіз де маған қатты ұнайды, мұндай қайраткерлік кез келгеннің қолынан келе бермейі ғой»,– дейді.

Бұл жаман қылықтан қалай құтылған жөн? Ол үшін:

«...Жаныңыз жараланса, жатып алмай,  
Жазылар ем-дәрісін өзің іздеп» [3],–

деп барлық бәлені басқаға аударып салмау қажеттілігін айтады. Суреткер ақын ескілік көріністерін жиіркене сипаттап, олардың сиықсыз тұлғаларын көз алдына әкеліп суреттейді. Күнделікті өмірге мән бере қарап, одан үлкен өмірлік қорытынды шығарады.

«Адамгершілік! Бұл сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Ұғым ғана емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сәнін төрттағандап ұстап тұрған ең ұлы принцип. Шынын айтқанда, жеке дара принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да құдіреттілігін танытатын ең ұлы күш! Өйткені, адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритындығы мәлім.» [7]

Әдебиет құр үгіт болмауы тиіс. Абай айтқандай, ақын бос мақалдап, шешен сөйлеуге құмартпау керек. Яғни, «ескі бише отырман бос мақалдап» отырмауы тиіс. Оның өлеңдері өршіл, рухшыл болуы қажет.

Адамгершілік мәселесі У.Қайраларовтың шығармасындағы басты құндылық. Бұл – тек ақынның құндылығы емес, бүкіл адамзаттың асыл қасиеті.

«Ақындардың адам мініне, кемшілігіне күліп шығарған сөздерін тек күлкі үшін шығарған сөз деп қарамасқа керек. Ондай сөздердің көбінің-ақ бергі жағы ғана күлкі болып, арғы жағы адамды мұңайтатын, қайғыртатын сөз болуы ықтимал» [8]

Әрине, құдыққа құлаған құланның құлағында ойнауға дайын құрбақалар қай уақытта да болған. Әйтсе де, адамгершілік пен ақыл – ешқашан бағасын жоймайтын қасиет.

Бүгінгі тірлігімізді сипаттау үшін де ақын өлеңдеріне жүгінеміз. Ақынның жанын жаралаған келеңсіз әрекеттер мен жағымсыз жайлар бүгін де кездесіп қалып жатады. Ақын айтқан, ақын сынаған тоғышарлық қасиеттен, арамдық мен мақтаншақтықтан әлі күнге дейін арыла келе алмай жатқанымыз – шындық. Бұл сонау Абай заманында да солай болатын. 60 жылдардан бері

қаншама уақыт өтті. «Елу жылда – ел жаңа» болғанымен, керенаулықтың ұшқыны сөнген емес.

«Біз әдетте сол кезде айтылған «ақын болу шарт емес, азамат болу парызың» деген сөзді жиі айтамыз. Алайда оның ішкі астарына көп мән бере бермейміз. Рас, нағыз ақын болу оңай емес және ешуақытта да оңай болмақ емес. Ал, мына сөз шын мәніндегі азамат болудың сол шынайы ақындықтан әлдеқайда ауыр әрі абыройлы, тіпті ауадай қажеттілік екендігін меңзеп тұрған жоқ па?!» [7]

Ақын көпеген келеңсіздіктерді көріп, сынап келіп:

Не мықты? Бәрінен де адам мықты,

Жөнге салған жабайы надандықты.

Ол үшін ажыратпай қатар ұста,

Қос тізгін: адамдық пен адалдықты,– [3]

деп аяқтайды.

«Одан артық тауып айтудың мүмкіндігі де, қажеттігі де бола қоймас деген ойдамыз. Ақын шығармаларындағы эпитет пен теңеу, шендестіру мен әсірелеуден аяқ алып жүре алмаймыз. «Телміріп жалпақ құба бел», «мойынын созып машина», «күшімен қайнап жатады», «аңыздарға сүйгізіп, талай бетті тот басты», «жабайы надандық» деген тіркестер соның айғағы.» [6] Бұл – Ж.Нәренбайұлының пікірі. Біздің пікіріміз де осы.

Адамгершілік – өлмейтін қасиет. С.Әшімбаев айтқандай, «уақыт мәңгі екені қалай рас болса, адам баласының адамгершілік дамуы да сондай шындық. Оған ұлы Уақыттың өзі бірден бір куә.» [7]

Шығармашылық өмірде ақынның орны – ерекше. Ақын сөзі, ақын сезімі жалпыға ортақ, ол айтқан ой, парасат әркімнің-ақ бойында бар қасиет болғанымен, ақын халықтың аузы іспеттес. Ол бәрін көріп, бәрін біліп, сезіп, айта білуі тиіс. Ақындық дарын, талант осыны көтере біледі. Поэзия нені болса да, суреттеп көрсетуге құдіреті жететін өнер.

Абай айтқан мақтанқұмар, надан, тоғышарлық қылықтарды әшкерелейтін төрттағандар Ә.Жаманбаевта да бар. «Ой тамшылары» деп атаған бұл жыр шумақтары ақынның ішкі жан дүниесінен хабар береді.

«Өлімді бір ғана жолмен жеңуге болады. Ол – артыңда ұрпақ қалдыру»,– дейді Әбдібек ақынның өзі.[3] Дұрыс. Өлімді жеудің тағы бір жолы бар. Ол – артыңда өшпес із қалдыру. «Ғалымның заты өлмейді, жақсының аты өлмейді» дейді мұндайда қазақ.

Жоғары мәдениет болмайынша «көңілге түрлі ой салар» жыр тұмақ емес. Ақын поэзия алдындағы, халық алдындағы жауапкершілігін сезініп, бос мақалға бармайды, ақыл айтып, бас қатырмайды. Бәрін өлең арқылы жеткізеді.

Кезінде қолдарымда «алтыным» бар,

Достарым, айналамда шалқыдыңдар.

«Алтын» қашып, аяғым тайған кезде,

Көз ұшында өкпедей қалқыдыңдар... [3]

Дос болып, жүріп, бір күнде сырт айналған «доссымақтарға» өкпесін айтады. Өмірде дос болып жүріп, сын сағатта айнып та шыға келуге болады. Осындай құбылмалылықты сынапты.

«Қопандайтын – шаппайтын, қомданатын – ұшпайтын қос қанаттының қортықтары, екі аяқтының тәйтiктерi – тауық екен ғой...»[3] деп алып,

Қолына билік тисе, кей жаманның  
Басқаға жақсылығы артылмаған,– [3]

деп сынайды. Биліктің нашарлығы сонда – ол «адамға ақыл бермесе де, ақылды болып көрінетін әдет беретіндігінде.» [3]

Ол ой-тамшыларын тең өлең түрінде бермейді, қара сөз күйінде де бейнелейді. Ақын ойлы күлкі арқылы шынайы өмірдің шындығы бейнеленіп, жаманнан жирендіреді. В.А.Жуковскийдің «Мазак философиялық көз жеткізудің барлық түрінен гөрі табанды кертартпалыққа күштірек әсер етіп, кемшілікті әшкерелей алады: күлкі етілген жайт біздің көз алдымызда жер болады» дегені осы болса керек.

«Әрбір ақын – данышпан емес те, әрбір данышпан – ақын емес. Данышпан ақын сол уақытта ғана бола алады, егер сол шығармаларын оқуға мүмкіншілігі бар ақындардың бәрін біліп алғаннан кейін, алдына: «Мені солардан айырмам не болмақ?» деген сұрау қоя алса және «Мынау болу керек»,– деген үлкен міндетін анықтап алғаннан кейін, сол міндетті іске асыра алса.» [9] Бірақ өлеңінде данышпан айтпаған сөздерді айтатын ақындар да болады.

Әбдібек Жаманбаевтың өлеңдері ой айқындылығымен, қысқалығымен ерекше. Оның жырлары – салмақты ізденістің, тебіреністің жемісі. Ақындық мәдениеті тіл тазалығынан, ой айқындылығынан байқалады. Артық-ауыс сөздерге, мағыналарға қатты қарайды. Өлең әдемі бейнелеулер, теңеулерден тұрады. Ауыстыру, метафора, теңеу сияқты әдіс-тәсілдер оқырманды еліктіру үшін жасалмайды. Айтар ой шашыраңқы шықпас үшін өлеңнің сыртқы түрінен бұрын ішкі дүниесіне көп көңіл бөледі.

«Тапқырлықтың екі түрі бар.– дейді В.Г.Белинский.– Біріншісі – сөзді ойнатуға негізделген болмашы, ұсақ тапқырлық, екіншісі – «нәрсені өз қалпында көрудің, оның сипаттарын ұғынып, күлкілі жақтарын ашып көрсету» қабілетінің нәтижесі боллып табылатын парасатты да терең тапқырлық.» [10]

Фирдоуси «Жақсылығымды айтқан ұрлайды, жамандығымды айтқан шыңдайды» депті. Олай болса, тауып айтқан ақынға ренжуге болмайды. Керісінше, құптап, тапқырлығын мойындаған жөн.

Ақындардың ащы болса да шындықты батыра, ашына айтқандығы да сол елге, жерге деген шынайы махаббаттан туса керек.

### Әдебиеттер:

1. Серікқалиұлы З. Жандауа. Астана, 2004. -65
2. Қайралапов У. Жылқыбаев Қ. Жаманбаев Ә. Өнері өмірінің жалғасындай. Алматы, 2006. -85-87, 93-94.
3. Қайралапов У. Жылқыбаев Қ. Жаманбаев Ә. Бейнеуім – жырдың бесігі. Алматы, 2003. -140-143, 3, 115-119.
4. Майтанов З. Сөз сыны. Алматы. 2002. -322.
5. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Алматы, Жалын, 1995. -313.
6. Нәренбайұлы Ж. Көңіл көзін сөз ашар // Маңғыстау, 2006.
7. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік. Алматы, 1993. -184, 138, 203.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1992. -292.
9. Мұқанов С. Жарық жұлдыз. Алматы, Санат, 1995, -204-205.
10. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. Т. 2. Москва, 1954. -136-137.